- 2) осы проспектімен көзделген мерзімде және мөлшерде облигациялар бойынша олардың номиналды құнынан тиянақталған пайыз алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның қағидаларына сәйкес және соларда көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте Облигацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) осы проспектімен белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін өтеуін төлеп алуға мәлімдеу құқығы;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және онда көзделген тәртіпте Облигацияларды еркін сату және оларға өзге де тәсілмен өкім жүргізу құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алуын талап ету құқығы, соның ішінде:

а) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, Облигацияларды ұстаушылар оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың ең жоғарғысы бойынша өтеуін төлеп алуға міндетті: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша; (ii) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көзделген өтеуін төлеп алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент аталған негіздер туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды өтеуін төлеп алу үшін негіздің туындауы туралы ақпаратты тиісті ақпараттық хабарды Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысы орын алатындығының егжей-тегжейлі сипаттамасын, сондай-ақ қажет болған жағдайда басқа да ақпаратты қамтуы тиіс.



Жоғарыда аталған ақпараттық хабар алғашқы жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өтеуін төлеп алу туралы жазбаша өтініш беруге, ал Эмитент оны қабылдап алуға міндетті.

Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш түскен жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі өтеуін төлеп алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесі аталған шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент тиісті ақпараттық хабарды Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылдануы туралы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті.

Осы тармақта көрсетілген Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешімі және өтеуін төлеп алу туралы жарияланған ақпараттық хабар мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- i) Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүргізілетін баға, осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып;
- ii) өтеуін төлеп алынатын Облигациялар саны;
- iii) Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүргізілген күн;
- iv) есептеу тәртібі, соның ішінде:
 - o ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге Облигацияларды өтеуін төлеп алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан өтеуін сатып алған Облигациялардың ақысын төлеуге ақшалай қаражатты аудару тәртібі;
 - o ұйымдастырылған нарық үшін – Облигациялардың өтеуін төлеп алу бойынша сауда-саттық өткізу әдәсіне нұсқау.
- v) Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алуын ұйымдастыруға қажетті басқа да ақпарат.

Эмитенттің Директорлар кеңесімен айқындалған өтеуін төлеп алу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешімді қабылдауы туралы ақпараттық хабар жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күнінен кеш болмауы тиіс.

- б) осы проспектіде көзделген дефолт оқиғасы басталған жағдайда. Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап ету құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 32-тармағында көрсетілген.
 - в) ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенінің бұзылуы туындаған жағдайда және Эмитент ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенінің бұзылуын осы проспектіде көзделген мерзімде жоймаған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылар осы проспектінің 12-тармағында көзделген шарттарда, тәртіпте және мерзімде оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы.
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

11-БӨЛІМ. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

31. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

32. Басталғаны кезінде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:



Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды

33. Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі қиындысында сыйақы төлеу үшін және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен қозғалысының болжамы:

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

34. Эмитент орналастыратын облигацияларды сатып алуға байланысты тәуекелдер:

Эмитенттің қызметіне тәуекелдер тән. Эмитент тәуекелдерді тұрақты анықтау, бағалау және қадағалау процесі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін белгілеу және басқа да ішкі бақылау шаралары арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесінің Эмитенттің тұрақты рентабелділігін ұстап тұру үшін шешуші маңызы бар және Эмитенттің әрбір жекелеген қызметкері осы қызметкердің міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады.

Эмитенттің Директорлар кеңесі тәуекелдерді айқындап, оларды бақылау үшін жалпы жауапкершілікті көтереді, алайда тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауап беретін Эмитенттің тағы да бөлек тәуелсіз органдары бар.

Эмитент тәуекелдері кәдімгі қызмет барысында болуы мүмкін, күтілетін шығын ретінде көрсететін, сондай-ақ статистикалық үлгілердің негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындарды бағалау болып табылатын күтпеген шығындар ретінде көрсететін әдістің көмегімен бағаланады. Үлгілерде өткен тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайлар ескеріле отырып түзетілген ықтималдық мәндері қолданылған. Эмитент сондай-ақ екіталай деп саналатын оқиғалар басталған жағдайда орын алатын «ең нашар сценарийлерді» үлгілейді.

Тәуекелдерді мониторингтеу мен бақылау, негізінен, Эмитент белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер қызметті жүргізу стратегиясын және Эмитент жұмыс істейтін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Эмитент қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді, бұл ретте, жекелеген салаларға ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен бірге, Эмитент тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты өзінің жалпы тәуекелдерді көтеру қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ертерек табу мақсатында зерттеледі және өңделеді. Аталған ақпарат Директорлар кеңесіне, Эмитент Басқармасына, кредит комитетіне, Эмитент бөлімшелерінің басшыларына ұсынылады. Бұл ақпарат кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшерінің көрсеткішін, болжамды кредиттік көрсеткіштерді, тәуекелдердің белгіленген лимиттерінен шығаруларды, тәуекел ескерілген құнды, өтімділік көрсеткіштерін, пайыздық тәуекел көрсеткіштерін, тәуекел деңгейіндегі өзгерістерді қамтиды.

Эмитенттің барлық деңгейлері үшін тәуекелдер туралы әртүрлі есептер жасалады, олар Эмитенттің барлық бөлімшелеріне ауқымды, қажетті және өзекті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін таратылады.

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Эмитент пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбас бағамдарындағы өзгерістердің салдарынан туындайтын позицияларды, акциялар бағасының өзгеру тәуекелін, кредиттік тәуекелді, сондай-ақ болжамды мәмілелер бойынша позицияларды басқару үшін туынды құралдарды және басқа құралдарды қолданады. Өзінің кредиттік тәуекелін төмендету үшін Эмитент қамтамасыз етуді белсенді қолданады.

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі:

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде қажетті техника көлемін өз бетінше сатып алу үшін қаражаттың жеткіліктілігіне байланысты проблемаларды, сондай-ақ елдегі жоғары кредиттік мөлшерлемелермен нашарлай түскен олардың кредит төлеу қабілеттерінің төмендігін ескере



отырып, лизинг ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуды қаржыландыру тетіктерін дамыту бойынша міндетті шешетін тиімді құрал болып табылады. Лизингтік қаржыландыру арқылы экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары бүгінгі таңда агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басты драйвері болып табылады. Ел экономикасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің маңызын және осы өнімдердің өндірушілерін қолдау үшін мемлекет тарапынан қолданылатын шараларды назарға ала отырып, ұзақ мерзімді перспективада Эмитенттің көрсететін қызметтеріне деген сұраныс сақталады деп болжауға болады, және де Эмитент өзінің қызметіне теріс әсерді болдырмау үшін алдын ала дайындала алмайтындай қандай да бір елеулі өзгерістер бұл салада күтілмейді.

Лизингтік қызметінің шеңберінде Эмитент ауыл шаруашылығы техникасының импорты бойынша жұмысты жүзеге асырады, бұл жұмыстың тиімділігі валюта нарығындағы ағымдағы жағдайға, валюта бағамдарының өзгерістерін күтуге, салық заңнамасы мен кедендік заңнаманың талаптарына тікелей байланысты. Лизингтік қызмет шеңберінде сатып алынатын техника бағасының айтарлықтай көтерілуі әлеуетті қарыз алушылар тарапынан Эмитент көрсететін қызметке деген сұранысты біраз төмендетуі мүмкін, соның салдарынан Эмитенттің кірісіне әсер етуі мүмкін. Импортық техника бағасына байланысты жағдай Эмитенттің өзі шығарған қаржы құралдарына қызмет көрсету мүмкіндігіне сыни әсер еткен жағдайда, Эмитент қаржы ресурстарын жұмылдыру бойынша және бас ұйымдардың қатысуымен өз қызметін қаржыландыру көздерін талқылау бойынша шараларды қолданатын болады.

Ішкі нарықтағы Эмитенттің көрсететін қызметтеріне бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер бәсекелестердің әрекеттеріне және қорландыру құнының ұлғаюына байланысты болуы мүмкін, бұл Эмитенттің мәмілелері бойынша кірістіліктің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл тәуекелді азайту мақсатында Эмитент бизнестің операциялық тиімділігін арттыру, қорландыру құнын төмендету және оның көздерін әртараптандыру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

2) қаржы тәуекелдері - эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды:

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын, эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге дәрменсіздігі (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер бөлек сипатталады.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі:

Эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін қаржы тәуекелдерінің негізгі санаттары болып табылатындар:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел;
- валюталық тәуекел.

Нарықтық тәуекел – бұл қаржы құралдары бойынша болашақтағы ақша ағындарының әділ құнының пайыз мөлшерлемелері, валюта бағамдары және үлестік құралдардың бағалары сияқты нарықтық параметрлердегі өзгерістердің салдарынан ауытқу тәуекелі. Эмитенттің саудалық емес портфелі бойынша нарықтық тәуекел сезімталдықты талдау негізінде басқарылады және бақыланады. Валюталық позицияларды қоспағанда, Эмитентте нарықтық тәуекелдің елеулі шоғырлануы жоқ.

Валюталық тәуекел – бұл валюта бағамының өзгеруі салдарынан қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелі. Эмитент Басқармасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұсыныстарына негізделі отырып, шетел валютасында позициялар бойынша лимиттерді белгіледі. Позициялар күнделікті бақыланады.



Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын, эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге дәрменсіздігі (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер.

Өтімділік тәуекелі – Эмитенттің қалыпты немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі. Бұл тәуекелді шектеу мақсатында Эмитент басшылығы әртүрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Сондай-ақ, Эмитент басшылығы өтімділікті ескере отырып, активтерді басқарады және болашақтағы ақша ағындары мен өтімділіктің күнделікті мониторингін жүзеге асырады. Бұл процесс күтілетін ақша ағындарын бағалауды және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуын қамтиды.

Эмитенттің өтімділік тәуекелінің деңгейі оның қызметіне тән кредиттік тәуекелмен тікелей байланысты.

Кредиттік тәуекел – Эмитент өз клиенттерінің немесе контрагенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығындарға ұшырау тәуекелі. Эмитент жекелеген контрагенттер бойынша, географиялық немесе тәуекелдің салалық шоғырлануы бойынша, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталу мониторингі арқылы Эмитент қабылдауға дайын шекті тәуекел мөлшерін белгілеу жолымен кредиттік тәуекелді басқарады.

Эмитент контрагенттердің кредит төлеу қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістерді ертерек анықтауды қамтамасыз ету үшін, қамтамасыз ету мөлшерін мерзімді түрде қайта қарауды қоса алғанда, кредиттік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Контрагенттер бойынша лимиттер әрбір контрагентке кредиттік тәуекел беретін кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі қолданыла отырып айқындалған. Кредиттік тәуекелүнемі қайта қаралып отырады. Кредиттік сапаны тексеру процедурасы Эмитентке өзі ұшырайтын тәуекелдер бойынша ықтимал шығындар сомасын бағалауға және қажетті шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

Эмитенттің қаржылық есептілігі кредиттік және валюталық тәуекелдер деңгейіндегі өзгерістерге көбірек ұшырайды. Эмитенттің қаржылық жағдайы туралы есеп бабтарының теңгерімдік құны кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін барынша дәл көрсетеді. Әрбір актив бойынша кредиттік тәуекел деңгейінің өзгеруі Эмитент мойындайтын бағалау резервінің мөлшеріне әсер етеді және қаржылық жағдай туралы есепте көрініс алады. Жоғарыда көрсетілген Эмитенттің қаржылық тәуекелдерді басқару және мониторингтеу бойынша қызметін ескере отырып, шамамен, аталған тәуекелдердің пайда болу ықтималдығы маңызды емес.

Валюталық тәуекелге келетін болсақ, шетелдік валюта бағамдарының ауытқуы пайда немесе залал туралы есепте және Эмитенттің меншікті капиталындағы өзгерістер туралы есепте тікелей көрсетілген.

3) құқықтық тәуекел – эмитентте валюта, салық, кеден заңнамасының өзгеруі салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелі сипатталады;

Лизингтік қызметі шеңберінде Эмитент тиімділігі валюта нарығындағы ағымдағы жағдаймен, валюта бағамдарының өзгерістерін күтумен, салық және кеден заңнамасының шарттарымен тікелей байланысты болатын ауыл шаруашылығы техникасының импорты бойынша жұмысты жүзеге асырады. Эмитент өзінің ішкі процестерін жаңа шарттарға сәйкес келтірмейінше, осы салалардағы болжамды елеулі өзгерістер Эмитенттің қызметіне қысқа мерзімді әсер етуі мүмкін.

эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау бойынша талаптар;

Эмитенттің лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын пруденциялық нормативтер мен заңнамалық талаптардың орындалуына тұрақты мониторинг жүзеге асырып тұратынын ескере отырып, лицензияны қайтарып алу немесе оның қызметін тоқтата тұру ықтималдығы төмен деп бағаланады.



эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы;

Бақылау жүйесі тиімсіз жұмыс істеген жағдайда, Эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және/немесе Эмитент жасасқан шарттардың талаптарын орындай алмауына әкелетін операциялық тәуекелдер беделіне нұқсан келтіруі мүмкін, құқықтық салдарларға немесе қаржылық шығындарға әкеп соғуы мүмкін. Эмитент барлық операциялық тәуекелдердің жойылғандығы туралы болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі арқылы және ықтимал тәуекелдерді қадағалау және оларға сәйкес әрекет ету арқылы Эмитент мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, кіруге рұқсатты, бекіту және салыстыру рәсімдерін, қызметкерлерді оқытуды және ішкі аудитті қоса алғанда, бағалау рәсімдерін қамтамасыз етеді.

қызметті жүзеге асыру барысында жіберілетін құқықтық қателер (дұрыс заңгерлік кеңес алмау немесе құжаттарды дұрыс ресімдемеу, оның ішінде сот жүйесіндегі даулы мәселелерді қарау кезінде);

Эмитент бұл тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың (төмендегілерді қоса алғанда) әсер етуі салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелі ретінде анықтайды:

- а. Эмитент жұмыскерлерінің немесе басқару органдарының әрекеттері салдарынан қызметте заңдық қателіктерге әкеп соғатын құқықтық жұмысты тиімсіз ұйымдастыру;
- б. Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде контрәріптестерді сәйкестендіру және зерделеу, пайда алушыларды (пайдасына клиенттер әрекет ететін тұлғаларды) анықтау және сәйкестендіру жөніндегі заңнаманы сақтамау;
- в. көрсетілетін жаңа қызметтерді және операциялар мен басқа да мәмілелерді жүргізу шарттарын, қаржылық инновациялар мен технологияларды әзірлеу және енгізу кезінде құқықтық мәселелердің жеткілікті пысықталмауы.

Құқықтық тәуекелді Эмитент төмен деп бағалайды, өйткені бұл тәуекелді басқару Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесінің және сапа менеджменті жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

4) іскерлік беделін жоғалту тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімдерінің (жұмыстарының, көрсететін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда, оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде Эмитенттің залалдарының туындау тәуекелі сипатталады:

Эмитенттің қызметі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тарапынан оның көрсететін қызметтеріне деген сұранысқа байланысты екенін назарға ала отырып, эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімдерінің (жұмыстарының, көрсететін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда, оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан қарыз алушылар санының азаю тәуекелі бар. Дегенмен, оның сипаты жоғары емес, өйткені қарыз алушылар тарапынан сұраныс айтарлықтай жоғары, сонымен қатар Эмитент өз қызметінің ашықтығын сақтау және өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау бойынша қызметті жүзеге асырады.

Эмитент заманауи талаптарға жауап беретін сапа менеджментінің нәтижелі жүйесін құрды, бұл Эмитенттің негізгі бизнес-процестерді дамытуға, оңтайландыруға және автоматтандыруға деген ішкі қажеттіліктеріне, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттанушылығының артуына негізделген.

Сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеу мақсаты Эмитенттің миссиясы мен сапа саласындағы саясатына сәйкес эмитенттің аграрлық сектордағы көрсетілетін қаржы қызметтері нарығында орнықты бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұдан басқа, Эмитент 2020 жылғы желтоқсанда «QRA» рейтингтік агенттігі ұйымдастырған жылдық есептер конкурсына қатысты, оның қорытындысы бойынша Эмитенттің жылдық есебі барлық жылдық есептер рейтингінде жетінші орынға ие болды, сондай-ақ «Корпоративтік есептіліктегі ESG-ақпаратты үздік ашу» ТОП-20-ға кірді. Сондай-ақ, Эмитент жылдық есепте стратегияны үздік ашқаны үшін дипломмен марапатталды.



Көрсетілгеннен басқа, Эмитент «Қазақстанның үздік ауылшаруашылығы кредиттік компаниясы 2020» номинациясында Global Banking & Finance Awards 2020 лауреаты болып табылады.

5) стратегиялық тәуекел - Эмитенттің қызмет пен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген және эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаудан немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа қол жеткізе алуы мүмкін болатын қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс айқындамаудан немесе жеткіліксіз негізделіп айқындаудан, қызметтің стратегиялық мақсаттарына эмитенттің қол жеткізуін қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және адам ресурстарының) және ұйымдастыру шараларының (басқарушылық шешімдердің) болмауынан немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен білінетін қателердің (кемшіліктердің) нәтижесінде эмитентте шығындардың пайда болуы тәуекелі сипатталады.

Эмитент қызметінде Эмитенттің қызмет пен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген және эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаудан немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа қол жеткізе алуы мүмкін болатын қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс айқындамаудан немесе жеткіліксіз негізделіп айқындаудан, қызметтің стратегиялық мақсаттарына эмитенттің қол жеткізуін қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және адам ресурстарының) және ұйымдастыру шараларының (басқарушылық шешімдердің) болмауынан немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен білінетін қателердің (кемшіліктердің) нәтижесінде эмитентте шығындардың пайда болуы тәуекелі бар.

Бұл тәуекел Эмитент үшін сыни емес деп болжанады, өйткені стратегиялық шешімдердің тиімді бағалануын және іске асырылуын қамтамасыз ету үшін Эмитент компанияның ағымдағы жағдайын бағалауды, стратегиялық жоспарларды әзірлеуді, сондай-ақ қабылданған мемлекеттік стратегиялардың орындалуын бақылауды қоса алғанда, перспективалық жоспарлау бағдарламасын қолданады. Эмитенттің стратегиясында айқындалған алға қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру процесінде Эмитенттің стратегиялық жоспарларына және/немесе қызметіне қандай да бір сегменттегі есептік өлшемдердің болжамды мәндерден ауытқулары анықталған жағдайда сыртқы және/немесе ішкі нарық конъюнктурасы өзгерістерінің әсерінен түзетулер енгізілуі мүмкін.

б) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер – эмитенттің қызметіне ғана тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызметке байланысты тәуекелдер, сондай-ақ:

Эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге не айналымда болуы шектелген объектілерді (табиғи ресурстарды қоса алғанда) пайдалануға арналған лицензиясының қолданылуын ұзарту мүмкіндігінің болмауына байланысты тәуекелдер сипатталады:

Эмитенттің лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын пруденциялық нормативтер мен заңнамалық талаптардың орындалуына тұрақты мониторинг жүзеге асырып тұратынын ескере отырып, лицензияны қайтарып алу немесе оның қызметін тоқтата тұру ықтималдығы төмен деп бағаланады.

үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша эмитенттің ықтимал жауапкершілігіне:

Осы проспектіні жасау күніне Эмитент үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапты болмайды, Эмитенттің еншілес ұйымдары жоқ.

айналысына эмитенттің өнімін (жұмысын, көрсететін қызметін) сатудан түскен жалпы түсімнің кемінде 10 (он) пайызы келетін тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігіне:

Эмитент қарыз алушылар тарапынан жеткілікті дәрежедегі ниеттестікке байланысты бұл тәуекелді елеусіз деп қарайды. Сонымен бірге, Эмитенттің қызмет көрсету нарығы әжептәуір ауқымды болып табылады және кеткен қарыз алушыларды жедел алмастыру үшін айтарлықтай сыйымдылыққа ие.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды, жеке тұлғалардың) міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде,



сондай-ақ ақша міндеттемесінің валютасы контрагентке оның резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімсіз болуы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитентте шығындар пайда болу тәуекелі сипатталады:

Осы проспектіде жоғарыда көрсетілгендей, Эмитент ауыл шаруашылығы техникасының импортын жүзеге асырады, ол кейіннен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге лизингке беріледі. Шетелдік контрагенттердің өз міндеттемелерін орындамау тәуекелінің төмендеуі кредиттік тәуекелді басқару процесі шеңберінде реттеледі. Эмитент кредиттік тәуекелді жекелеген контрагенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Эмитент қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторингтеу арқылы басқарады.

8) операциялық тәуекел - эмитент жұмыскерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер нәтижесінде, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуі нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі сипатталады:

Бақылау жүйесі тиімсіз жұмыс істеген жағдайда операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі мүмкін, олардың құқықтық салдары болуы мүмкін немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Эмитент барлық операциялық тәуекелдердің жойылғандығы туралы болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі арқылы және ықтимал тәуекелдерді қадағалау және оларға сәйкес әрекет ету арқылы Эмитент мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, кіруге рұқсатты, бекіту және салыстыру рәсімдерін, қызметкерлерді оқытуды және ішкі аудитті қоса алғанда, бағалау рәсімдерін қамтамасыз етеді.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Эмитенттің осы ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары мен қатысу мерзімі көрсетіледі:

Эмитент мемлекеттік саясатты іске асыру және «Қазақстан – 2050» Стратегиясында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу мақсатында миссиясы Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылатын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы болып табылады. Холдинг шеңберінде Эмитент елдің агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты дамуына жәрдемдеседі.

2) егер Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге мүшелеріне елеулі түрде тәуелді болған жағдайда, осындай тәуелділіктің сипаты егжей-тегжейлі баяндалады:

Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдары болып табылатын өзге ұйымдарға байланысты емес.

36. Егер Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, әрбір осындай заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Эмитент жарғылық капиталдың он және одан да көп пайызына ие болатын ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір осындай ұйым бойынша көрсете отырып:

Эмитент қандай да бір заңды тұлғалардың жарғылық капиталының он және одан да көп пайызына ие емес.



38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәлімет:

Төменде Fitch Ratings Inc рейтингтік агенттігі Эмитентке және оның бағалы қағаздарына берген кредиттік рейтингтер туралы ақпарат берілген. (бас кеңсенің мекенжайы: АҚШ, Нью-Йорк, Нью-Йорк қ., 33 Whitehall St), сондай-ақ осы агенттіктің соңғы үш жылдағы рейтингтік әрекеттері туралы ақпарат:

- Эмитентке берілген рейтингтік бағалар:

Рейтинг мәні	Болжам	Әрекет	Әрекет күні
<i>Эмитенттің шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі</i>			
BB+	Оң	Растау	11.11.2021 ж.
BB+	Тұрақты	Шолу - әрекет жасалмады	22.12.2020 ж.
BB+	Тұрақты	Растау	02.04.2020 ж.
BB+	Тұрақты	Растау	04.04.2019 ж.
BB+	Тұрақты	Растау	28.01.2019 ж.
BB+	Теріс	Растау	20.04.2018 ж.
<i>Шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының қысқа мерзімді рейтингі</i>			
B	-	Растау	11.11.2021 ж.
B	-	Шолу - әрекет жасалмады	22.12.2020 ж.
B	-	Растау	02.04.2020 ж.
B	-	Растау	04.04.2019 ж.
B	-	Растау	28.01.2019 ж.
B	-	Жаңа рейтинг	26.10.2018 ж.
B	-	Растау	20.04.2018 ж.
<i>Эмитенттің ұлттық ұзақ мерзімді рейтингі</i>			
AA (kaz)	Оң	Растау	11.11.2021 ж.
AA (kaz)	Тұрақты	Шолу - әрекет жасалмады	22.12.2020 ж.
AA (kaz)	Тұрақты	Растау	02.04.2020 ж.
AA (kaz)	Тұрақты	Растау	04.04.2019 ж.
AA (kaz)	Тұрақты	Растау	28.01.2019 ж.
AA (kaz)	Теріс	Растау	20.04.2018 ж.

- Эмитенттің бағалы қағаздарына берілген рейтингтік бағалар

Бағалы қағаздардың тиісті шығарылымының ISIN	Рейтинг мәні	Әрекет	Әрекет күні
<i>Ұзақ мерзімді рейтинг</i>			
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788, KZ2C00006385, KZ2C00006781 KZ2C00007862	BB+	Растау	11.11.2021 ж.



Бағалы қағаздардың тиісті шығарылымының ISIN	Рейтинг мәні	Әрекет	Әрекет күні
KZ2C00007862	BB+	Жаңа рейтинг	20.08.2021 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788, KZ2C00006385, KZ2C00006781	BB+	Шолу – әрекет жасалмады	22.12.2020 ж.
KZ2C00006781	BB+	Жаңа рейтинг	29.01.2020 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788, KZ2C00006385	BB+	Растау	02.04.2020 ж.
KZ2C00006385	BB+	Жаңа рейтинг	27.12.2019 ж.
KZ2C00006385	BB+ (EXP)	Болжалды	14.11.2019 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788	BB+	Растау	04.04.2019 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788	BB+	Растау (KZ2C00003747 бойынша- жаңа рейтинг)	28.01.2019 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788	BB+	Растау (KZ2C00003747 бойынша – болжалды рейтинг)	20.04.2018 ж.
Ұлттық ұзақ мерзімді рейтинг			
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788, KZ2C00006385, KZ2C00006781, KZ2C00007862	AA (kaz)	Растау	11.11.2021 ж.
KZ2C00007862	AA (kaz)	Жаңа рейтинг	20.08.2021 ж.



Бағалы қағаздардың тиісті шығарылымының ISIN	Рейтинг мәні	Әрекет	Әрекет күні
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788, KZ2C00006385, KZ2C00006781	AA (kaz)	Шолу – әрекет жасалмады	22.12.2020 ж.
KZ2C00006781	AA (kaz)	Жаңа рейтинг	29.01.2020 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788, KZ2C00006385	AA (kaz)	Растау	02.04.2020 ж.
KZ2C00006385	AA (kaz)	Жаңа рейтинг	27.12.2019 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788	AA (kaz)	Растау	04.04.2019 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788	AA (kaz)	Растау (KZ2C00003747 бойынша - жаңа рейтинг)	28.01.2019 ж.
KZ2C00002749, KZ2C00003275, KZ2C00003747, KZ2C00003788	AA (kaz)	Растау (KZ2C00003747 бойынша – болжалды рейтингті растау)	20.04.2018 ж.

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

41. Эмитент консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болуы туралы мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу бойынша міндет белгіленген жағдайда):

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәлімет:



Эмитенттің есептілігі жасалған кезең	Аудиторлық ұйымның атауы (орналасқан жері)	Телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы (бар болса)	Аудитордың Т.А.Ә.
2020 жыл	«BDO Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан, Алматы қ., Ғабдуллин көшесі, 6)	Тел.: +7 (727) 331-31-34 Факс: +7 (727) 331-31-35 e-mail: info@bdokz.com	Бабаева Дина Ахмедьянқызы
2019 жыл	«Эрнст энд Янг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан, Алматы қ., Өл-Фараби даңғ., 77/7 үй, «Есентай Тауэр» ғимараты	Тел.: +7 (727) 258-59-60 Факс: +7 (727) 258-59-61 e-mail: almaty@kz.ey.com	Пол Кон, Хегай Ольга Геннадьевна

«BDO Kazakhstan» ЖШС және «Эрнст энд Янг» ЖШС «Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының қауымдастырылған мүшелері болып табылады.

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын үлестес тұлғалар:

Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында көрсетілген.

44. Эмитенттің облигациялар шығаруға және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындар қалай төленетіні туралы мәліметтер.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

Басқарма Төрағасы

Прашев А. Г.



Handwritten signatures in blue ink.



Протоіто, пронумеровано
на 52 листак

